



Автор: Реймова Багдагул Кенжебековна

Пән: Математика

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Сандармен амалдар. Есептер

Тақырып: Қосудың ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері

Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: екі таңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайту тәсілін қолдануды үйренеді; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Тапсырмаларды топтық , жеке, жұптық жұмыстарда бірлесіп орындай алады; Кейбір оқушылар орындай алады: екі таңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайту ауызша орындайды;
------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Қосудың
ауыстырымдылық
және терімділік
қасиеттері
(9/10/2019 жыл)

«Шаттық шеңбер»
Балалар бір-бірімен амандасып, танысады, жылы тілек тілейді.
Балаларды бейджиктеріндегі суреттің ретімен үш топқа бөлемін.
Тыңдалған ақпараттан білім алушылар тұжырым жасайды.

1-тапсырма:

«Өз пікіріңді айт»ТЖ

Дескриптор: 1. Берілген мысалдарды талқылайды;


2. Екі амалды жақшасыз өрнектердің мәнін табады.;

3. Суретті пайдаланып, өрнек құрастырады, мәнін табады ;

Кері байланыс: «Житондар» ҚБ « Жұлдызшалар»

2- тапсырма:

«Есепте» ӨЖ



Дескриптор:

1. Сәйкес өрнектерді анықтап, байланыстырып сызады;

2. Берілген тапсырманы орындайды;

Кері байланыс: «Житондар» ҚБ «Жұлдызшалар»

Сергіту сәті «Логика әлеміне саяхаттау»

Шығармақ боп кеше есеп,

Жиналғанда 7 есек.

3-і ұйықтап отырды,

Болды сонда неше есек? (10)

Үстел үстінде төрт алма жатыр,

Оның біреуін ағам жеп қойды

Сонда неше алма қалды? (3)

Қазып жүр құмды 15 мысық,

5-і жатыр күн ыстық.

Нешеу болды сен сана? (15)

Аулада 5 үйрек

1 үйрек тығылды

1 үйрек жығылды

Қалғаны неше үйрек? (3)

10 алманың жетеуін Досың сұрап алды.

Айтшы сонда нешеуі өз қолыңда қалады? (3)

3- тапсырма:

ЖЖ «Есепті шығар»

Дескриптор:

1. Берілген тапсырманы жұпта талқылып, орындайды;

2. Есепті шығарады, бір-біріне түсіндіреді;

3. Сызба бойынша есептер құрастырады;

4.Сызба бойынша кері есептер құрастырады;

Кері байланыс: «Житондар» ҚБ «Жұлдызшалар»

Үй тапсырмасы: 53-бет № 3

Кері байланыс: «Білім ағашы»